



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023



ӨОЖ 37.034

## ҰЛЫ ҰСТАЗДАР ҮНДЕСТІГІ

Сүйінкина Биалаш Балтақызы  
арнайы пәндер оқытушысы  
Қостанай педагогикалық колледжі  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E – mail: sbb10121951@mail.ru;  
Ахметбекова Ләззат Көжеғарақызы  
қазақ тілі мұғалімі  
Рудный қ. №3 ОМ мектебі  
Рудный қаласы, Қазақстан  
E – mail: lazzat\_ahmetbekova@mail.ru

### Аңдатпа

Мақалаға қазақтың ұлы ағартушы – педагогі Ы.Алтынсарин мен педагог – жазушы С.Көбеевтің педагогикалық мұрасындағы үндестік арқау етіп алынды. Бұл тақырып осынау ұлы ұстаздардың өнегесі мен тәжірибесінен нақты мысалдар келтіру негізінде ашылады. Ұлы тұлғалардың пікірінше, мұғалім беделі мен мәртебесі өсуінің негізгі шарты – ұдайы оқып – үйрену, іздену қағидасын басшылыққа алу.

**Түйінді сөздер:** ұстаз, жақсы оқытушы, шәкірт, оқып – үйрену, тәжірибе, мамандыққа адалдық, мұғалім мәртебесі.

### Аннотация

В основу статьи заложена мысль о созвучии педагогических наследий великого казахского педагога – просветителя И.Алтынсарина и педагога – писателя С.Кубеева. Эта тема раскрывается на основе приведения конкретных примеров из их жизни и деятельности. По мнению великих личностей, одним из главных условий роста престижа и статуса учителя – руководство принципом «учиться в течение всей жизни».

**Ключевые слова:** учитель, хороший преподаватель, ученик, обучение, опыт, верность профессии, статус учителя.

### Abstract

The article is based on the idea of the consonance of the pedagogical heritage of the great Kazakh teacher – educator I. Altynsarin and the teacher – writer S. Kubeev. This topic is revealed on the basis of specific examples from their lives and activities. According to great personalities, one of the main conditions for the growth of the prestige and status of a teacher is to follow the principle of "learning throughout life."

**Key words:** teacher, good teacher, student, learning, experience, loyalty to the profession, the status of a teacher.

Ыбырай Алтынсарин және Спандияр Көбеев. Ұстаздықтың шыңына шыққан қос тұлға. Бірі ХІХ ғасырдың екінші жартысында, екіншісі ХХ ғасырдың бірінші жартысында жарқырай көрінді. Қазақ тарихында бірі тұңғыш ағартушы – педагог ретінде әспеттелсе, екіншісі көрнекті педагог – жазушы ретінде танылды. Ыбырай – ұстаз, Спандияр – шәкірт. Себебі ол Ыбырайды көрді, оның мектебінде білім алып, ұстазы таңдаған жолға түсті. Бұл турасында С.Көбеев былай деп жазады: «...Екі жолдың айырығында тұрдым: бірі – уезде іс басына тұрып, шен іздеу немесе ауылда қалып, ел билеу мәселесіне араласу еді, екінші жол Ыбырай аға өсиет еткен ғылымның ұзақ сүрелі сары жолы еді. Бірақ әкем мен шешем үшеуіміз ақылдаса отырып, Ыбырай ағаның жолына түсуді ұйғардық. Келешегім айқындалып, әрі қарай оқи беруге бел будым» [1, б. 42].

«Ұстаздардың ұстазы» атанған Ыбырай салған ізді оның шәкірті Спандияр лайықты жалғастыра білді. Ол жарты ғасырдан астам оқытушылық қызметінде өзі пір тұтқан Алтынсарин тағылымын басшылыққа алып, мамандыққа адалдық танытты. Мамандық демекші, Ыбырай бабамыздың арнайы педагогикалық білімі болған жоқ. Талапты да талантты жастың биік лауазымды қызметтер атқаруға икемі болса да, оны, өзі айтқандай, тек «оқу – ағарту ісі тартты да тұрды». Мұғалімдік қызметті Ыбырай 1860 жылы 19 жасында, ал екі жылдық педагогикалық курсты бітірген Спандияр бала оқытуды 1901 жылы 23 жасында бастады. Бозбала Ыбырайға үлкен жауапкершілік жүктеліп, бала оқыту ісі қалай тапсырылғанын Ыбырайтанушы Серікбай Оспанұлы былайша баяндайды: « Ыбырай сол 1860 жылдың 18 қарашасында И.Ильминскийге жазған хатында бекініске барғанын, алайда мектептің әлі салынбағанын, бекініс бастығы Баронға ресми түрде балаларды оқытатын бір пәтер босатып бер деп өтініш жазғанын, бірақ оның оған немқұрайдылау қарағанын айтып: «Дегенмен қазір үш шәкіртім бар, олар менімен бірге тұрады» дейді» [2, б. 26]. Ы.Алтынсарин мұғалімдікті алғашқы жылы 3–4 баланы оқытудан бастаса, С.Көбеев 10–15 бала оқытқан.

Өмірінің ақырына дейін екеуі де сүйікті ісінен ажыраған емес. Айталық, Ыбырай 1889 жылғы 15 маусымда В.Катаринскийге (Орынбор оқу округінің инспекторы) жазған хатында «...ауруымнан жазылсам, мен тамыз айының аяқ шенінде облысты аралап қайтпақпын. Егер Сіз бізге тамыз айының 20–сы шамасында келе қалсаңыз, онда біз Торғай, Ырғыз арқылы, онан әрі Орынборға дейін бірге барар едік» деп жазады. Бұл хатты Ыбырай қайтыс боларынан бір ай бұрын ғана жолдаған екен. Осы

бір хат жолдарынан – ақ ауыр халде жатқан қайран бабамыздың сүйікті ісіне деген адалдығын айқын аңғарамыз. Сондай – ақ ұстаздық қызметіне мейлінше берілген С.Көбеев те жасы жетпіс екіге келсе де, мектептен, жас достары – оқушылардан қол үзгісі келмейтінін айтып, былайша жазады: «Мен өмірімнің ақырғы минутына дейін ардақты халқыма қызмет ете беруді арман етем. Менің мақсатым да, мен үшін рахат та, ләззат та осы» [1, б. 159].

Қос ұстаздың ұқсас қырлары көп – ақ, алайда бір мақала көлемінде олардың бәрін қамту мүмкін емес. Ұстаздықтың шыңына шығып, кейінгі ұрпақтарға өшпес өнеге қалдырған алып тұлғалардың кәсіби қырларының, тағылымды тұстарының кейбіріне, нақтырақ айтсақ, мұғалім тұлғасына, оның кәсіби өсуіне қатысты ақыл – кеңестеріне ғана тоқталып көрелік. Қос ұстаз – мұғалімнің абыройлы болуы, мәртебесінің жоғары болуы оның өз қолында деп санап, жақсы оқытушыны қолдады. Ұлы ағартушы – педагогтің «Мен жақсы мұғалімді дүниедегінің бәрінен де қымбат көремін» деуінің сыры осында болса керек. Ұлы ағартушы – педагогтің жақсы оқытушылар қатарының көбейгенін қалап, кәсіпқой мамандарды ұдайы қолдағанын онымен қызметтес болған әріптестерінің, ыбырайтанушы – ғалымдардың жазбалары мен зерттеулерінен айқын аңғарамыз. Мысалы, Ыбыраймен қызметтес болған оқытушы Ф.Соколов: «Ол (Ыбырай) мектепті шын ниетіңмен сүйеге, өз міндетінді орындауға бар күшті салуға ұмтылдыратын... Халық мұғалімдеріне Алтынсарин қатаң талап қоятын, жұмысқа ұқыптылықты талап ететін, ал жауапсыз қарағандарды қатаң бақылауға алатын. Өзі оқу ісін қалай беріле сүйсе, қарауындағы мұғалімдердің де солай болғанын қалайтын. Көпшіліктің алдында бізді көтермелеп, мұғалімдерге тиісінше қадірлеп қарауды айтатын, жұрт алдында мұғалімдерді адал, пайдалы еңбекшілер деп мақтаныш ететін» [3, б. 321] деп жазса, белгілі ыбырайтанушы ғалым Ә.Дербісәлин зерттеуіндегі мына бір: «1881 жылы Ыбырай көтерген үлкен мәселелердің бірі мұғалімдер жөнінде болды. Ол ағарту ісінің жақсы мамандары қажеттігін айтатын. Біліксіз адамдар негізін қалаған істен жақсы нәтижелер күту мүмкін емес деп, маман мұғалімдерді қайдан болсын шақырып, олардың еңбекақысын артығымен төлеуді дұрыс санайтын» деген жолдардың әр педагог үшін тағылымдық мәні зор екені айқын [4, б. 217].

Ыбырай өзіне сын көзбен қарап, «менің білімім өте аз» деп, көп оқып, көбірек білуді мұрат тұтқан. Ол Орынбор шекара комиссиясының төрағасы, шығыстанушы В.В.Григорьевтің қарамағында тілмаш бола жүріп, жұмыстан бос уақытында басшысының бай кітапханасынан орыс тіліндегі кітап, журналдарды оқып, өзіне түсініксіз терминдер мен кірме сөздердің аудармасын сұрап, қалың дәптеріне жазып отырғаны көпшілікке мәлім болар, себебі бұл турасында жиі жазылды. «Осылайша орыс тілін меңгерген Алтынсарин алған білімін ұстаздық қызметінде пайдаға жаратты: қазақ балаларына орыс тілін оқытты, орыс тілі оқу құралын, яғни «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы» атты оқу құралын жазды» [5, б. 41]. Кейін оның өз үйінде де кітапханасы болғанын Ыбырайдың жақын шәкірті, оқытушы Ғабдолғали Балғымбаевтың естелігінен алынған мына бір үзік айғақтайды: «Ы.Алтынсариннің үйінде кітапханасы да бар еді. Л.Толстой, Н.Гогольдің, Ф.Достоевскийдің, В.Белинскийдің, И.Крыловтың, Шекспир, Байрон, Гегельдің шығармалары, сондай – ақ шетел және орыстың танымал педагогтері туралы том – том кітаптар да тізіліп тұратын» [3, б. 368]. Кітаптың адамның дүниетанымына, ой өресінің кеңеюіне, маман ретінде шыңдалуына тигізер пайдасының мол екенін ұғынған Ыбырай кітапхана ашуды ойластырады. Бұл турасында Әнуар Дербісәлин былай деп жазады: «Бұл кезге (1883 жылға) дейін Ыбырайдың өз кітапханасы едәуір дәрежеге жетіп қалған еді. Ыбырай мектеп кітапханалары жөнінде іздене жүріп, ең алдымен жұмысты жаңадан ашылатын мектеп үйлерінен арнайы кітапхана бөлмесін салудан бастады». Демек, Ыбырай бабамыз қазақ топырағында кітапхана желісінің де қанат жайып, кеңейе түсуіне алғашқы болып үлес қосты деуге толық негіз бар.

Кітапқа әуес болу әрбір азамат үшін оның өмір салтының ажырамас бөлшегіне айналар болса, ұтылмайтыны айдай анық. Әсіресе, өзгелерге білім нәрін себетін мұғалім үшін пайдасы мол. Педагогтің жан – жақты білімді, абыройлы, табысты, мәртебесі биік болуының бір шарты – үзбей оқу, іздену, үйрену. Неге десеңіз, өмір бойы оқып – үйрену қағидасы мәңгілік өзекті, оның мәні, әсіресе, ғылым – білім дамыған қазіргі заманда арта түскендей. Әйтсе де кәсіпқой маман болып қалыптасуға апаратын жол – өздігінен білім алу, өзін – өзі дамыту екенін, өкінішке қарай, көпшілік мұғалімдер мойындай бермейді. Мұндай жағдай Ыбырай заманында да орын алған. Олай болмаса, Ы.Алтынсарин: «Мұғалімдер – педагогтер ұсынған оқу құралдарымен еш уақытта таныспайды, бұл кітаптардың бірін де ақырына дейін оқып шықпайды...» [3, б. 319] деп жазбас па еді. Алтынсарин оқытушылардың өз бетінше білімін толықтырып, білгенін жаңғыртып отыруы тиістігін үнемі ескертіп отырған. Бұл турасында ыбырайтанушы Әміржан Сыдықов былайша жазады: «Алтынсарин мұғалімдер методикалық әдебиеттер мен педагогикалық журналдарды пайдалануға міндетті деп санайды. Торғай облысының мұғалімдері үшін «Семья және мектеп», «Халық мектебі» деген журналдар алғызып тұрды. Мектеп кітапханалары үшін Бобровскийдің «Педагогика», Коменскийдің «Халықтық оқу әдебиетін үнемі шолу», «Ұлы дидактика», Бунаковтың «Ана тілі» және т.б. кітаптарды алдырды. Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыста барлық іс мұғалімнің оқытудың ең жақсы тәсілдерін табуда, балармен дұрыс сөйлесе білуінде» [3, б. 327].

Ұстазы Ыбырай сияқты Спандияр да мұғалімнің қадірі оның білім және білік деңгейімен өлшенетінін ұғынып, оқып – үйрене беруді мақсат тұтады. Сондықтан мамандығына қатысты игерген

білімімен шектелмей, білімін әрдайым жан – жақты толықтырып отыруға мән береді. Бұған дәлел ретінде педагог – жазушының өз сөзін келтірейік: «...Әлі де көп оқу, көп үйрену, көп ізденіп, жетіле беру керек сияқты еді. Мен өз тұсымнан оқып, білімімді толықтыра берейін деген ойға келдім. Бұрын қолымнан түспейтін кітаптар: Пушкин, Лермонтов, Крылов, Салтыков – Щедрин, Толстой, Чернышевский, Белинскийдің шығармалары болса, енді солармен қатар орыстың ұлы педагогі К.Ушинскийдің, П.Лесгафтың еңбектерін оқыдым» [1, б. 117].

Спандияр көпшілік әріптестерінің өз бетінше білімін толықтыруға мән бермейтініне қынжылып, былай дейді: « Кейбір оқытушылар өз тұсынан оқып, білімін арттыруға «жағдай жоқ» деген сияқты түрлі сылтау айтып, өздерінің білімін толықтырғысы келмейді. Біздің заманымызда оқытушылардың өз тұсынан оқып, білімін арттыра беруіне жақсы жағдай бар. Жергілікті жерлердегі мүмкіншіліктерді (кітапхана, партия оқуы, т.б.) сарқа пайдалану, радио арқылы беріліп отыратын әр алуан лекцияларды тыңдаудың өзі, газет, журналдардағы үлгі мақалаларды оқу – оқытушының ой өрісін кеңейтіп, білімін арттыра беруіне мүмкіншілік береді». Тәжірибелі ұстаз ретінде ол оқытушы әржақты білімі бар адам болуы керектігін, қазіргі заманда білімі таяз, өз дәрісінен басқаны білмейтін тұйық оқытушы тек оқушылардың алдында ғана емес, жалпы еңбекшілердің алдында да беделді бола алмайтынын ескертеді.

Педагог Спандияр Көбеевті маман ретінде алға жетелеген ерекше бір қасиеті – өз қызметінде, шығармашылығында жеткен жетістіктерін саралап, өзіне – өзі есеп беріп отыруы деуге әбден болады. Мәселен, 1913 жылы былай деп жазады: «Оқытушылық қызметіме 13 – 14 жыл. Жазушылықпен айналысқаным да 5–6 жыл болған. Жас отыздың төртеуіне келді. Демек, бұл ақыл орнығып, дүние танып қалған шақ еді, өткен өмірге көз жіберіп қарасам, талай – талай бел – белестен өткен сияқтымын. Бір кездегі көшпелі елдегі қараңғы ауылдағы сауатсыз, езілген кедей шаруалардан шыққан «жаман» Көбейдің «ынжық» баласы бұл кезде әрі оқытушы, әрі жазушы болыпты. Қадірлі ағамыз, баға жетпес қамқорымыз Ыбырайдың:

«...Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар,  
Тілегені алдыңнан

Іздемей – ақ табылар» деуінің себебі осы екен деген қорытындыға келдім (117–бет). Спандияр – Ыбырай ісін лайықты жалғастыра білгенін мақтаныш етті. Оның педагогикалық тәжірибесіне ұдайы жүгініп отырғанын, тіпті «Үлгілі бала» кітабын жазуда Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясын» үлгі еткенін «Орындалған арман» кітабында жазады. Айтып өтелік, С.Көбеевтің Ыбырайды ұстаз тұтып, өнегесін өз тәжірибесінде табысты пайдаланғаны – жеке бір тақырыпқа өзек боларлық әңгіме.

Қазақ қоғамында білім беру ісінің көшбасшысы ретінде танылған Ы.Алтынсарин мен оның шәкірті, талантты педагог С.Көбеев тағылымы – қай заманда да педагогтер үшін ту етіп ұстап, басшылыққа алар құндылық. «Болмасаң да, ұқсап бақ...» демекші, ұлы ұстаздар ғибраты, әсіресе, қазіргі кезеңде айрықша маңызды. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев халыққа Жолдауында: «Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой – беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалды. Дегенмен бұл бағытта әлі де біршама өзгерістер жасау қажет» деген болатын [6,3]. Олай болса, жаңа Қазақстанды құру жолында мұғалімдер қауымына жүктелер жауапкершілік жүгінің жеңіл болмасын әр педагог сезініп, білімді де саналы, азаматтық ұстанымы жоғары, мемлекетшіл ұрпақ тәрбиелеуді ұстаздықтың басты мұраты санауы тиіс. Ыбырай, Спандияр сынды ұлы ұстаздар өнегесіне жүгінудің, тағылымынан нәр алудың маңызын ұғынып, нәтижелі еңбегімен педагог мәртебесін биіктете түсуге мүдделі болғаны абзал.

Қос ұстаз да ұдайы ізденіс, тынымсыз еңбек биік белестерге бел буғызып, зор жетістіктерге жетелейтінін өздерінің өмірі және қызметімен дәлелдеп кетті. Өнер – білім бар жұрттардың бәсі басым болатынын насихаттаумен болды. Спандияр ауылына жол түскен бір іссапарында Ы.Алтынсарин тұрғындардың алдында сөз сөйлеп, оқудың пайдасы жөнінде айтқан мына бір сөзін педагог – жазушы жадында мәңгі сақтап қалады: «Заман өнерлі, білімді болуды талап етеді. Сауатсыз, қараңғы ел озық елдің қатарына қосыла алмайды» [1, б. 22]. Ұлы ұстаздың осынау сөздері мәңгілік өзекті. Неге десеңіз, жеке тұлғаның да, тұтас елдің де бәсекеге қабілеттілігі оның білім және біліктілік деңгейімен өлшенеді. Білімі мен ғылымы, технологиялары барынша дамыған елдердің оза шауып, қуаты артатынына әлемнің бүгінде көзі жетті.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Спандияр Көбеев. Орындалған арман. Алматы Москва, 1951 г.
2. Серікбай Оспанұлы. Ыбырай жолы. Қостанай, 2021 г.
3. Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі. Құрастырған Арлақ Мұқашева. Алматы, 2013 г.
4. Әнуар Дербісәлин. Ыбырай Алтынсарин. 1–том. Алматы, 2015 ж.
5. Б. Сүйінкина. Ы.Алтынсарин – кәсіптік білімнің негізін салушы. Қостанай, 2017 ж.
6. Қ.Тоқаев. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жлдауы. 02 қыркүйек 2022 жыл. «Егемен Қазақстан» газеті